

5. Кендирбекова Ж.Х. Особенности эффективности изучения этнокультурной среды личности в этносоциальной работе // Вестн. КарГУ. Сер. Педагогика. — 2009. — № 4 (56). — С. 118–119.
6. Ангархаева Е.А. Этнокультурное образование как детерминант личностного развития учащихся: Дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Е.А. Ангархаева. — Улан-Удэ, 2003. — 170 с.
7. Модорова В.В. Этнокультурная направленность развития современного общего образования в Республике Алтай / В.В. Модорова, А.П. Беликова // Наука — культура — образование. — 2000. — № 4. — С. 54–56.
8. Панькин А.Б. Этнокультурный парадокс современного образования: Монография / А.Б. Панькин. — Волгоград: Перемена, 2001. — 378 с.
9. Шаповалов В.К. Этнокультурная направленность российского образования: Дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.01 / В.К. Шаповалов. — Ставрополь, 1997. — 311 с.

ӘОЖ 53 (07)

Студенттерді шығармашылыққа тәрбиелеуде ескеретін кейбір мәселелер

Құрманұлы О.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Автором описаны и проанализированы некоторые проблемы практического характера для формирования творческих способностей студентов в условиях кредитной технологии обучения. Показаны особенности системы кредитного обучения. В статье разработаны модели формирования творческих способностей студентов, профессиональной компетентности будущих специалистов; обсуждены результаты исследования.

This article is described and analyzed some problems of the practical nature for shaping the creative abilities of students in condition of credit technology of the education. Discussed of properties of credit education system. Designed model of the shaping the creative abilities of students. Designed model of the shaping professional competence future specialists. Discussed results of the research.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру процесі жоғары оқу орындарының әрбір мамандықтарының өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес стратегиялық, тактикалық және оперативтік оқу-әдістемелік іс-әрекеттерге негізделеді. Осы іс-әрекеттер бойынша оқыту технологиясының құрылымдық мазмұны айқындалады (1-сур.).



1-сур. Білім беру жүйесінің ішкі құрылымдық мазмұны

Кредиттік жүйе бойынша оқыту, ең алдымен, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауының сапалылығын қамтамасыз ете отырып, оқытушының жұмысын түбегейлі өзгертеді, олардың білімін үнемі жетілу үстінде болуын қажет етеді. Әсіресе дәрісханалық сабақтарда студенттердің танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырып, басқаруда әдістемелік және дидактикалық нұсқаулардың арнайы жинағы зор рөл атқарады.

Кредиттік жүйеде оқыту студенттің пәнге қызығушылығын толық ескеріп, олардың білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз етуді, оқытушылар арасында бәсекелестік тудыруды, оқытудың әр түрлі әдістері мен тәсілдерін жетілдіруді, қабылдауды, сондай-ақ оқу-әдістемелік жұмыстардың сапалылығын жақсартуды қарастырады. Білім жүйесінде қоғамның әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыру үшін жаңа буын оқу-әдістемелік кешендерді (СП ОӘК) жасап, тәжірибеге енгізу керек.

СП ОӘК оқу шығармашылық үрдісті әдістемелік-ұйымдастыру жақтан қамтамасыздандырудың дәстүрлі негізі болып табылады. СП ОӘК пәндері ақпаратты кеңістікті бекітіп, дамытудың және үздіксіз білім берудің барлық буыны мен тармағын толық қамтамасыздандырудың негізгі факторы болып табылады.

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері ҚР МЖБС-ның мазмұнына сәйкес жасалынады, кәсіби біліктілік мінездемесі мамандықтардың типтік және оқу жұмысы жоспарлары мен дайындық бағытын және оқытылатын пәннің негізгі мазмұнын көрсетеді, студенттің пәнді таңдауын және соған сәйкес оқытудың траекториясын жеңілдетуге арналады.

СП ОӘК пәннің типтік бағдарламасына негізделген жұмыс оқу бағдарламасынан және силлабустан (syllabus), глоссарийден, дәрістің қысқаша мазмұнынан, әдістемелік материалдардан, студенттердің өздік жұмысының оқу-практикалық материалдарынан, бақылау-өлшеу құралдары мен қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Пәннің қысқаша оқу-әдістемелік бағдарламасы — силлабус студенттерге арналып дайындалады.

Студенттердің пәндік оқу-әдістемелік кешені нақты курстың концепциясын анықтайтын құжат болып табылады. Оқу-әдістемелік кешенді типтік бағдарламалар негізінде тьютор дайындайды, ол баспаханалық әдіспен басылып шығарылады және кредиттік жүйе бойынша оқитын студенттерге арналады.

Оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны кафедра мәжілісінде талқыланады, ғылыми-тәжірибелік жетістіктермен толықтырылады және оны кафедра меңгерушісі әрбір жылдың 1 шілдесіне дейін бекітеді. СП ОӘК дайындау және пайдалану мынадай міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- нақты мамандықтың білім бағдарламасындағы оқу пәнінің орны мен рөлін анықтау;
- білім бағдарламасын пәнаралық логикалық байланыспен іске асыру;
- оқу мерзімін тақырып және оқу сабақтарының түрі бойынша бөлу;
- студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс уақыттағы өздік жұмыстарын ұйымдастыру;
- студенттердің танымдық және шығармашылық жұмысын белсендіру;
- оқу және зерттеу жұмыстарының өзара байланысын қамтамасыз ету.

Жалпы кредиттік оқыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі студенттерде шығармашылық қабілет қалыптастыру, болашақ кәсіби қызметке дайындау, ол үшін оқыту іс-әрекеттерін шығармашылыққа бейімдеп ұйымдастыру болып табылады.

Біздің бұл ғылыми-педагогикалық ізденіміздің негізгі мақсаты:

- кредиттік оқыту технологиясының талабына сай мамандығы бойынша оқытудың және оқу процесін ұйымдастырудың оқу-әдістемелік тәсілін анықтау;
- теорияны практикамен ұштастыру, яғни мамандық және пәндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту технологиясын оңтайландыру;
- білім берудің продуктивтік және репродуктивтік әдістерінің оңтайлы жағын ескере отырып, жетекші әдісті таңдау;
- оқу іс-әрекеттерінің барысында студенттерді шығармашылыққа баулу, нәтижесінде шығармашылық қабілет қалыптастыру;
- оқытушы педагогтарға оқытатын мамандықтың және пәннің ерекшеліктеріне сәйкес ОӘК дайындаудың үлгісін ұсыну.

Студенттерді шығармашылық тәрбиелеу үшін оның бойында қандай қабілет бар екенін ескеру керек. Жалпы өнер тапқыш адамдардың бойында туа біткен талант, дарын болуы мүмкін. Олардың бойындағы қабілетіне сәйкес оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылған жағдайда ғана мықты шығармашыл мамандарды дайындауға болады. Қандай бір іске қабілеті нашар, жалқау студент пен талантты студентке қойылатын талап бірдей болмайды.

Ол үшін студенттердің қабілеттілігіне назар аудару керек. Мысалы, инженерлік мамандық бойынша оқитын кейбір ізденімпаз студенттер теориялық білімдерін практикада жүзеге асыруға, өз қолынан техникалық құрылғыларды жасап көруге талпынады. Осындай талантты студенттердің істеген

істері мен жеткен жетістіктері жалқау студенттерге өнеге болады. Олар да біртіндеп теориялық білімін көтеріп, практикалық ізденіске бет бұрады. Осы жағдайларды ескере келе, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің радиоэлектроника және техникалық физика кафедрасында студенттердің конструкторлық бюросын құрған едік.

Конструкторлық бюроның мүшелері-студенттер осы кезде үш инновациялық оқу зертханасын өз қолдарымен жабдықтап үлгерді. Шет елдерден миллиондаған теңгелік қаражатпен сатып алатын макеттер мен техникалық құрылғыларды жасап, тура оқу ісіне пайдаға берді.

Адамның қабілеттілігі білім алу мен практикалық икемділікті тез қалыптастыруды оңайлатса, керісінше, олардың негізінде қабілеттілік те дамиды [1, 2]. Мысалы, адам өзінің конструкторлық қабілетін дамыту үшін техникалық конструкцияларын құрылымын жақсы білуі, оны практикада пайдалану икемділігі мен құрастыру дағдысының болуы шарт (2-сур.).


Қабілеттіліктің оңай қалыптасуына болашақ маманның бойындағы дарыны мен оның таланты ерекше міндет атқарады [3, 4].

Дарынды адамдардың атағы әлемге жайылады. Мысалы, атақты өнер иелері, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерін көптеп атауға болады.

Талант — күрделі, қиын іс-әрекетті өздік ерекшелігімен, жоғары дәрежеде, нәтижелі орындай алуға мүмкіндік беретін әр түрлі қабілеттіліктердің жиынтығы. Оған әлемге аты әйгілі өнертапқыштар мысал бола алады.

Мамандық иесі жақсы кәсіпқой болуы мүмкін, бірақ ол кез келген кәсіби мәселелердің бәрін бірдей шешуге құзыретті болуы мүмкін емес.


Құзыреттіліктің аталған түрлері, шын мәнінде бір адамның кәсіби іс-әрекетте, кәсіби қатынастарда, мамандығы бойынша кәсіби тұлғалық даралығының қалыптасуындағы кемелденуін анықтайды [3, 5].



2-сур. Қабілеттіліктің сипаттамалары

Мамандардың құзыреттілігін оның еңбегінің нәтижесіне, шығармашылық деңгейіне қарап бағалауға болады, кез келген кәсіпқой маман өз әрекетімен кәсіби іс-әрекетінің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды атқара алса ғана кәсіби құзыретті болып саналады.

Ал мамандардың жалпы құзыреттілігі дегеніміз — ол әр түрлі кәсіби бірлестіктерде бейімделуі, өнімді қызмет етуге керекті мәдени және еңбек ету, салааралық білім іскерліктері мен қабілеттіліктері. Шығармашылық қабілеті дамыған студенттердің болашақ маман ретінде кәсіби құзыреттіліктері оңай қалыптасады [2, 4]. 3-суретте болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің кейбір маңызды компоненттері берілген.



3-сур. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу мәселелері

Техникалық физика, электротехника, радиоэлектроника және радиотелекоммуникация мамандарын кәсіби даярлаудың моделін алып қарастырайық (4-сур.).


Біздің дайындап жатқан мамандарымыз ертең-ақ өмірге (ғылым-білім салаларына, өнеркәсіп-өндіріске) жолдама алады. Сондықтан жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттер өз мамандығына икемделген, ертең-ақ сол мамандықты игеріп кететін, бәсекелестікке, шығармашылыққа қабілетті маман болуға сақадай сай болуы керек.

Қазіргі жас мамандарға қойылатын талап та өте жоғары. Себебі ғылымның шарықтай дамуына байланысты өндірістік техника мен технология күн сайын өзгеріске ұшырауда. Техника мен технологияның жетістігі, бір жағынан алып қарағанда, педагогикалық әдіснаманы жүзеге асыруды жеңілдетеді, ал бұл өз кезегінде педагогикалық зерттеу саласында жаңаша ізденістерді талап етеді.

Жалпы мамандардың шығармашылық қабілеттілігі деген не? Ондай қабілеттілік адамдарда қайдан, қалай қалыптасады, қайдан пайда болады, оның сипаты қандай? Мамандардың шығармашылық қабілеттілігі туралы ұғым философияда, педагогикада, психологияда, өнер және әлеуметтану салаларында, сондай-ақ кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінде әр түрлі анықтамалар мен сипаттамалар беріліп жүр. Діни философияда және, кейбір ғалымдардың пайымдауынша, адамдарда туа бітетін қасиет ретінде қарастырылады. Бірақ адамдардың бойындағы дара шығармашылық қабілеттің 5÷10 пайызы ғана тума талантқа, ал қалған негізгі үлесі оқу-білімге, еңбектенуге байланысты екендігі белгілі.

Мамандардың шығармашылық қабілеттілігі, оның маңызы, мазмұны, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының шарттылығы мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыда қарастыру керек. Демек, студент жастарды шығармашылыққа баулуда қолданбалы педагогиканың, оның теориялық әдіснамасының және практикалық әдіс-тәсілдерінің маңызы өте зор.

Жалпы шығармашылық қабілеттіліктің сипаты әрбір мамандықтың өздік ерекшеліктеріне байланысты көпқырлы көрініс береді. Мысалы, ұлы композитор, күй атасы Құрманғазы мен ғұлама ғалым әл-Фарабидің шығармашылық қабілеттіліктерінің сипаты, олардың қалыптасу жолдары, шарықтау шектерінің себеп-салдарлары мүлде басқаша қырларынан танылады.



4-сур. Студенттердің кәсіби құзыреттілік моделінің қалыптасуын сипаттайтын компоненттер

Нақты бір мамандық иесінің өз саласы бойынша мықты кәсіпқой болуы мүмкін, бірақ кәсіби мәселелерді шығармашылық тұрғыда шешіп, шаруашылығының техникасы мен технологиясын жаңғыртуға құзыреті жетпейді. Егер кәсіпқой маман өз кәсіби шаруашылығын заманауи үздік техника, технологиямен жабдықтап, жаңғыртумен ғана шектелмей, қажетті техника мен технологияны өзі жаңартып, тың жаңалықтар ендірген жағдай да ғана оның шығармашылық қабілеттілігі қалыптасады. Адам көбінесе өз саласында ғана шығармашылық қабілеттілігі болуы мүмкін, ол шаруашылықтың барлық саласына қатысты мәселелерді шешуге қабілеті жетпейді.

Шаруашылық саласына қатысты шығармашылық қабілеттілік дегеніміз — маман иесінің жаңадан қандай бір техниканы немесе оның тетіктерін ойлап табу, жаңадан құрастыру, әр түрлі құбылыстар мен заңдылықтардың негізінде технологияны жаңарту, ол үшін білім мен ғылымды практикамен ұштастыра білу қабілеті дамуы тиіс.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды қорытындылай келе, шығармашылық кәсіптік іс-әрекетке тиімді дайындауды қамтамасыз ететін педагогикалық зерттеулерде ескеретін бірқатар шарттарды белгілеу қажет [3, 4]:

- 1) студенттердің меңгеруге шамасы келетіндей барлық пәндер бойынша білім деңгейін дәл анықтау және оларға осы білімді игере алатындығына сендіру;
- 2) студенттерде кәсіптік іс-әрекетте шығармашылықтың болу мүмкіндігін қамтамасыздандыруға белгілі білім деңгейін меңгеру қажеттілігіне сендіру;
- 3) студенттерде білімді өздігінен игеру іскерлігін қалыптастыру;
- 4) студенттерді шығармашылыққа мамандығымен тығыз байланыста дайындауды және жеке даралық дамуын қамтамасыз ету керек.

Әдебиеттер тізімі

1. *Кенжебеков Б.Т.* Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. — Астана: ЕҰУ, 2001. — 270 б.
2. *Құрманұлы О., Абдула Ж.* Электрлік тізбектер теориясы. — Астана: ЕҰУ, 2001. — 220 б.
3. *Адольф В.А.* Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста. — М.: Высш. шк., 2000. — 180 с.
4. *Тарасевич Н.Н.* Обретение педагогического мастерства. — М.: Сов. педагогика, 1999. — № 11.
5. *Мурзин Ю.М., Волков Ю.И.* Электротехника. — М.: Изд. программа. 300 лучших учебников для высшей школы, 2007. — 440 с.